



"Нұра өзенін тазарту" жобасын қаржыландыру үшін Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкінің қарызын тарту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 10 желтоқсандағы N 1254 қаулысы
Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Нұра өзенін тазарту" жобасын қаржыландыру үшін 40 390 000 (қырық миллион үш жүз тоқсан мың) АҚШ долларынан аспайтын сомаға Қарыз туралы келісім жасасу нысанында Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкінің қарызын тарту жолымен заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік қарыз алу жүзеге асырылсын.

2. Қазақстан Республикасының Америка Құрама Штаттарындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Қанат Бекмырзаұлы Саудабаевқа Қазақстан Республикасының атынан Қазақстан Республикасы мен Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі арасындағы "Нұра өзенін тазарту" жобасы бойынша қарыз туралы келісімді жасасуға өкілеттік берілсін.

3. Республикалық бюджеттен жобаны бірлесіп қаржыландыру қосылған құн салығын төлеуді қоса алғанда, 22 850 000 (жиырма екі миллион сегіз жүз елу мың) АҚШ долларынан аспайды деп белгіленсін.

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасының Заңында көзделген қаражат есебінен тартылатын қарызға қызмет көрсетуді және оны өтеуді қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Су ресурстары жөніндегі комитеті тартылатын қарыз қаражатының мақсатты және тиімді пайдаланылуын қамтамасыз етсін.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң*

міндетін атқарушы

Қазақстан Республикасы

мен

Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі

арасындағы

Қарыз туралы келісім

(Нұра өзенін тазарту жобасы)

2003 ж. _____

Қарыз нөмірі _____ KZ

Қарыз туралы келісім

Қазақстан Республикасы (Қарыз алушы) мен Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі (Банк) арасындағы 2003 ж. _____ Келісім.

Қарыз алушы осы Келісімге 2-Қосымшада айтылған Жобаның орындалуы мен басымдығына көзін жеткізіп, Банктен осы Жобаны қаржыландыруға жәрдемдесуді с ұ р а д ы ;

Банк, атап айтқанда, жоғарыда айтылғандардың негізінде осы Келісімде көзделген шарттар мен мерзімнің негізінде Қарыз алушы қарыз беруге келісім бергендігін Н а з а р ғ а а л а о т ы р ы п ;

Жоғарыда айтылғандарға негіздей отырып, тараптар осы Келісімде мыналар туралы уағдаласты:

I бап

Жалпы ережелер

Анықтамалар

1.01-бөлім. Банктің 1995 жылғы 30 мамырдағы "Бір валюталы қарыздар мен кепілдіктер туралы келісімдерге қолданылатын жалпы ережелер" (1999 жылғы 6 қазанды қоса алғандағы түзетулермен) (Жалпы ережелер) осы Келісімнің ажыратылмас б ө л і г і б о л ы п т а б ы л а д ы .

1.02-бөлім. Түпнұсқадан өзгелей туындамаса, осы Келісімге Жалпы ережелерде және Кіріспеде анықталатын терминдер осы анықтауларда бекітілгендерге сәйкес келетін мағыналарға ие, ал келесі қосымша терминдер мынадай мағыналарға ие.

(а) "СРК" - Қарыз алушының Ауыл шаруашылығы министрлігінің Су ресурстары ж ө н і н д е г і к о м и т е т і .

(б) "ҚОҚЖ" - Қарыз алушы 2002 жылғы 22 ақпанда дайындаған және қабылдаған Банкті қанағаттандыратын Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі жоспар, онда Жобаның шеңберінде қоршаған ортаға, мониторингке әсер етуді жеңілдету жөніндегі шаралар және институционалдық іс-шаралар сипатталды.

(с) "Қаржы мониторингі туралы есеп" - осы Келісімнің 4.02-бөліміне сәйкес д а й ы н д а л ғ а н ә р б і р е с е п .

(д) "ХСК" - Осы Келісімге 1-қосымшаның 3(с) тармағына сәйкес Қарыз алушы құратын және ұстайтын сынап токсикологиясы мен тазартуының тиісті салаларындағы кем дегенде үш халықаралық мамандарынан тұратын Халықарлық сарапшылар к о м и с с и я с ы .

(е) "Іске асыру жөніндегі нұсқаулық" - ЖБТ дайындаған және 2003 жылғы 13

қаңтарға дейін Банкке берілген нұсқаулық, онда Жобаның шеңберінде әкімшілік жүргізу, ақы төлеу, сатып алу, есептілік пен мониторинг рәсімдері көрсетіледі.

(f) "ЖІЖ" - Жобаны іске асыру жобасы.

(g) "ЖБТ" - Жобаның шеңберіндегі іс-шараларды дайындауға, іске асыру мен үйлестіруге толығымен жауапты Су ресурстары жөніндегі комитетінің Жобаны басқару жөніндегі тобы.

(h) "Арнайы шот" - осы Келісімнің 2.02.(a) бөліміне сәйкес ашылған шот.

1.03-бөлім. Жалпы ережелердегі жобаны іске асыру органына сілтемелер Су ресурстары жөніндегі комитетке сілтемелер ретінде қарастырылады.

II бап

Қарыз

2.01-бөлім. Банк Қарыз алушыға Қарыз туралы келісімде айтылған немесе көрсетілген мерзімде немесе ережелерде қырық миллион үш жүз тоқсан мың АҚШ долларына (40 390 000 АҚШ доллары) тең соманы беруге келісті.

2.02-бөлім. (a) Осы Келісімге 1-қосымшаға сәйкес Қарыз сомасы Жоба үшін қажетті және Қарыз қаражатынан қаржыландыруға және осы Келісімнің 2.04-бөлімінде көрсетілген қызметтер үшін ақы төлеуге қатысты көзделген тауарлар мен қызметтерді бастапқы бағамен сатып алу үшін Қарыз алушы төлеген (немесе, егер Банк төлеуге жататынмен келіссе) сомаға Қарыз шотынан алынуы мүмкін.

(b) Жобаның мақсаты үшін Қарыз алушы қаражатты қарсы талаптардан, тәркілеуден немесе тыйым салудан тиісті қорғауды қоса алғанда, Банк үшін қолайлы жағдайларда арнайы долларлық депозиттік шот ашады және жүргізе алады. Арнайы шотқа салымдар және осы шоттан төлемдер осы Келісімге 6-қосымшаның ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.

2.03-бөлім. Жабылу күні 2009 жылғы 30 қыркүйек немесе Банк белгілейтін неғұрлым кейінірек күн болып табылады. Банк мұндай неғұрлым кеш күн туралы Қарыз алушыны кешіктірмей хабардар етеді.

2.04-бөлім. Қарыз алушы Банкке Қарыз сомасының бір проценті (1%) сомасында қарызды ұйымдастырғаны үшін бір жолғы комиссиялық сыйақы төлейді. Күшіне енген күнге немесе одан кейін бірден Банк Қарыз алушының атынан мұндай комиссияны Қарыз шотынан алады және өз пайдасына төлейді.

2.05-бөлім. Қарыз алушы Банкке жылдық бір проценттің төрттен үші (1%-тің 3/4) ставкасы бойынша кезінде Шоттан алынбаған Қарыздың негізгі сомасы бойынша кредит міндеттемесі үшін комиссия төлейді.

2.06-бөлім. (a) Қарыз алушы әрбір процентті есептеу кезеңіне Либор жиынтық спрэдін қосқанда Либор базалық ставкасына тең алынған және кезінде өтелмеген Қарыздың негізгі сомасы бойынша процент төлейді.

(b) Осы бөлімнің мақсаттары үшін:

(i) "Процент есептеу кезеңі" - осы Келісім күшіне енген күннен бастап, осы күнді қоса алғанда, бірақ одан кейінгі келетін бірінші проценттік төлемнің күнін қоспағанда, және бастапқы кезеңнен кейінгі проценттік төлемнің күнінен бастап, және қоса алғандағы әрбір кезеңнің, бірақ одан кейінгі келетін проценттік төлемнің күнін қоспағанда, проценттер есептелу кезеңінің басталуы.

(ii) "Процентті төлеу күні" - осы Келісімнің 2.07-бөлімінде көрсетілген күн.

(iii) "Либор базалық ставкасы" - Лондон банкаралық рыногында доллармен алты айлық депозиттер бойынша ұсынылған, Банк негізді түрде анықтайтын және жылдық процент ретінде көрсетілетін проценттерді есептеудің әрбір кезеңі үшін Проценттерді есептеу кезеңінің бірінші күніне бағаланатын (немесе бастапқы Есептеу кезеңі жағдайында - Процентті төлеу күніне немесе мұндай Проценттерді есептеудің бағаланатын күні немесе проценттік есептеулердің бірінші күнінен кейінгі келесі күні) с т а в к а .

(iv) "Либор жиынтық спрэді" - әрбір Проценттерді есептеу кезеңіне: (А) бір проценттің төрттен үші (1%-тің 3/4); (В) Банктің өтелмеген қарыз қаражатын және Банк негізді анықтайтын және жылдық процент ретінде көрсетілетін бір валюталы қарыздар мен қарыздардың бөліктерін қаржыландыру үшін Банк бөлген қарыз қаражатының бөліктеріне қатысты алты айлық депозиттер бойынша ұсыныстардың Лондондық банкаралық ставкасы мен өзге бағдарлы ставкалардан төмен (немесе жоғары) әрбір Процентті есептеу кезеңі үшін орта өлшемді маржа.

(c) Банк проценттерді есептеудің әрбір кезеңіне анықталатын Либор-дың базалық ставкасы мен Либор-дың жиынтық спрэді туралы Қарыз алушыны дереу хабардар етеді .

(d) Егер 2.06-бөлімде көрсетілген проценттік ставкалардың анықтауына есер ететін рыноктік конъюнктураның өзгеруіне байланысты Банк оның қарыз алушыларының, тұтастай алғанда Банктің де мүддесінде, атап айтқанда жоғарыда ескерілген бөлімде көрсетілгеннен ерекшеленетін Қарыз бойынша проценттік ставкаларды анықтау үшін өзге базаны қолдану қажет деп белгілесе, онда Банк Қарыз алушыны мұндай жаңа база туралы кемінде 6 (алты) айдан кешіктірмей хабардар ете отырып, Қарыз бойынша проценттік ставкаларды анықтау үшін базаны өзгерте алады. Базалық ставка Қарыз алушы көрсетілген кезең ішінде мұндай базаға қарсылығы туралы Банкті хабардар ететін жағдайды қоспағанда, хабардар ету үшін көзделген уақыт кезеңі өткеннен кейін әрекет ететін болады және бұл жағдайда көрсетілген өзгерістер Қарызға қ о л д а н ы л м а й д ы .

2.07-бөлім. Процент пен өзге де алымдар әрбір жарты жыл сайын әрбір жылдың 15 сәуірімен 15 қазанына кешіктіріліп төлеуге жатады.

2.08-бөлім. Қарыз алушы осы Келісімге 3-қосымшадағы өтеу кестесіне сәйкес Қарыздың негізгі сомасын өтейді.

2.09-бөлім. СРК осы Келісімнің 2.02-бөлімі мен Жалпы ережелердің V бабымен талап етілетін және шешілген кез келген қажетті шараларды қабылдау мақсатында Қарыз алушы тағайындайды.

III БАП

Жобаны орындау

3.01-бөлім.(а) Қарыз алушы Жобаның мақсаттарына өзінің қуаттайтыны туралы мәлімдейді және осы мақсатта Жобаны СРК арқылы тиісінше адал және тиімділікпен және тиісінше әкімшілік, қаржылық, инженерлік, экологиялық және техникалық практикаға сәйкес жүзеге асырады және қажет болған кезде Жоба үшін талап етілетін қаражатты, үй-жайларды, қызметтер мен басқа да ресурстарды кешіктірмей береді.

(b) Осы бөлімнің (а) тармағының ережелеріне қатысты шектеулерсіз және Банк пен Қарыз алушы өзге туралы уағдаласқан жағдайларды қоспағанда, Қарыз алушы осы Келісімге 5-қосымшада көрсетілген Іске асыру жөніндегі нұсқаулыққа, іске асыру бағдарламасы мен жоспарына сәйкес Жобаны СРК арқылы орындайды;

3.02-бөлім. Банкпен өзгелей келісілмесе: (а) Жоба үшін қажет және Қарыз қаражаты есебінен қаржыландыруға көзделген тауарлар мен жұмыстарды сатып алу; (b) Жоба үшін консультанттардың қызметтерін сатып алу осы Келісімге 4-қосымшаның ережелерімен реттеледі.

3.03-бөлім. Жалпы ережелердің, 9.07-бөлімінің мақсаттары үшін және оның ережелерін шектеусіз Қарыз алушы:

(а) Банк үшін қолайлы нұсқаулықтың негізінде Жоба мақсаттарының орындалу үздіксіздігін қамтамасыз етуді көздейтін жоспарды дайындайды және ол Қорытынды күннен кейін алты (6) айдан кешіктірмей немесе Банк пен Қарыз алушы арасында келісілуі мүмкін неғұрлым кештеу күні Банкке ұсынады; және

(b) Қарыз алушымен жоғарыда көрсетілген жоспар бойынша пікір алмасудың негізгі мүмкіндігін береді.

IV-бап

Қаржы ережелері

4.01-бөлім. (а) Қарыз алушы қаржы қызметін басқару жүйесін, соның ішінде есеп құжаттарын және есептерді КВР арқылы жүргізеді немесе қамтамасыз етеді, сондай-ақ Банкке қолайлы бухгалтерлік есепті жүргізу стандарттарына сәйкес қаржы есептерін, дәйекті түрде қолданылатын және балама көрсетілетін оның операцияларын және қаржы шарттарын, сондай-ақ Жобаны іске асыруға байланысты бөлек ескерілетін операцияларды, ресурстар мен шығыстарды даярлайды.

(б) Қарыз алушы КВР арқылы:

(i) есеп құжаттарына, шоттарды және тәуелсіз аудиторлар дәйекті түрде қолданатын

, Банкке қолайлы аудиттің тиісті принциптеріне сәйкес әрбір қаржы жылы үшін қаржы есептеріне (теңгерме есеп, пайда мен зияндардың есебі және оларға байланысты есептер) аудиторлық тексеру жүргізуді қамтамасыз етеді;

(ii) Банкке дайындық жағдайына қарай, бірақ кез-келген жағдайда өткен аудиторлық тексеру жылына осы Бөлімнің (а) тармағында көрсетілген қаржы есептерінің расталған көшірмелерін (А) әрбір осындай жыл аяқталғаннан кейін алты айдан кешіктірмей осы есептер бойынша (В) қорытындыны және аталған аудиторлар жүргізген сондай көлемде және Банк негіздемелі түрде сұрата алатын осындай егжей-тегжейлі тәптіштеулермен осындай аудиторлық тексеру туралы есепті береді;
ж ә н е

(iii) Банкке көрсетілген есеп құжаттарына, шоттарға және қажры есептеріне қатысты басқа ақпаратты, сондай-ақ оларға аудиторлық тексеруді, сондай-ақ Банк мерзімді сұрауға негізделуі мүмкін аталған аудиторларға қатысты ақпаратты береді

(с) Қарыз шотынан шығыстар туралы есептер негізінде қаражат алынуына қатысты барлық шығыстар бойынша, Қарыз алушы:

(i) осындай шығыстарды көрсететін бухгалтерлік есепті, есеп құжаттарын және жеке шоттарды жүргізудің жалпы қабылданған практикасына сәйкес жүргізеді немесе қ а м т а м а с ы з е т е д і ;

(ii) Банк Қарыз шотынан қаражат алғандағы соңғы қаржы жылына аудиторлық есепті алғаннан кейін кем дегенде бір жыл ішінде осындай құжаттарды растайтын барлық есеп құжаттамасын (келісім-шарттар, төлем тапсырмалары, шот-фактуралар, шоттар, түбіртектер және басқа да құжаттар) сақтайды;

(iii) Банктің өкілдеріне осындай құжаттамаларды тексеруге мүмкіндік береді;

(d) Қ а р ы з б е р у ш і :

(iv) осы Бөлімнің (с)(i) тармағында көрсетілген есеп құжаттарын және есептерді және тәуелсіз аудиторлар дәйекті түрде қолданатын, Банкке қолайлы аудиттің тиісті принциптеріне сәйкес аудиторлық тексеру жүргізілген әрбір қаржы жылына Арнайы шоттың құжаттарын жүргізеді;

(v) Банк дайындық жағдайына қарай, бірақ әрбір жыл аяқталғаннан кейін алты айдан кешіктірмей оларды дайындау кезінде қолданылатын ішкі бақылау рәсімдері мен әдістерін есепке ала отырып көрсетілген қаражаттарды есептен алу үшін негіз бола алатын туралы аталған аудиторлардың жеке қорытындысын қоса алғанда, аталған аудиторлар жүргізген сондай көлемде және Банк негіздемелі түрде сұрата алатын осындай егжей-тегжейлі тәптіштеулермен аудиторлық тексеру туралы есепті береді;

(vi) көрсетілген құжаттарға және шоттарға, сондай-ақ әлсін-әлсін Банк негіздемелі түрде сұрататын оларға аудиторлық тексеруге қатысты өзгедей ақпаратты Банкке б е р е д і .

4.02-бөлім. (а) Осы Келісімнің 5-қосымшасының 1-тармағында көрсетілген орындалған жұмыс туралы есептерді беру туралы Қарыз берушінің міндеттемелеріне

сәйкес ешбір шектеусіз Қарыз алушы КВР арқылы Банктің:

(i) Қарыз сомасынан алынған қаражаттар көрсетілген және осындай қаражаттарды нақты және жоспарлаған пайдалану арасындағы айырмашылықтар түсіндіріле отырып, жиынтықта болсын және де есепте көрсетілген кезеңде болсын Жоба бойынша қаражаттарды пайдаланудың көздері мен мақсаттары көрсетілетін;

(ii) Жобаны іске асыру барысы, жиынтықта болсын және де есепте көрсетілген кезеңде болсын сипатталатын, сондай-ақ нақты және жоспарлаған іске асыру кестесі арасындағы айырмашылықтар түсіндірілетін;

(iii) есепте көрсетілген кезең соңына Жоба бойынша сатып алуды жүзеге асыру ережесі көрсетілетін талаптарын қанағаттандыратын нысан мен мазмұн бойынша қаржы мониторингі жөніндегі есепті жасайды және Банкке ұсынады.

(b) Қаржы мониторингі туралы бірінші есеп күшіне енген Күннен кейінгі бірінші күнтізбелік тоқсанның аяқталуы бойынша 45 күннен кешіктірмей Банкке беріледі, есеп Жоба бойынша бірінші шығыстар күнінен бастап осындай бірінші күнтізбелік тоқсанның соңына дейінгі кезеңді қамтиды; бұдан әрі әрбір Қаржы мониторингі туралы есеп әрбір өткен күнтізбелік тоқсан ішінде 45 күннен кешіктірмей Банкке беріледі және осындай күнтізбелік тоқсанның кезеңін қамтуы қажет.

V бап

Банктің санкциялары

5.01-бөлім. Жалпы ережелердің 6.02-бөліміне сәйкес мынадай қосымша жағдайлар а й т ы л а д ы :

(a) Жобаны іске асыру жоспарына өзгерістер енгізілді немесе оның қолданылуы тоқтатылады, күші жойылды немесе одан Банктің алдына ала келісімінсіз-ақ б а с т а р т ы л д ы .

(b) Іске асыру жөніндегі нұсқаулыққа өзгерістер енгізілді немесе оның қолданылуы тоқтатылды, күші жойылды немесе одан Банктің алдына ала келісімінсіз-ақ б а с т а р т ы л д ы .

(c) Заңдарға қаулыларға, СРК жарғысына немесе өзге де құрылтай құжаттарына, оның ішінде мұндай құралдардың негізінде жатқан кез келген заң актілеріне өзгерістер енгізілді немесе олардың қолданылуы тоқтатылды, күші жойылды немесе олардан б а с т а р т ы л д ы , бұл СРК осы Келісімнің шеңберінде өз міндеттемелерін орындау қабілеттілігіне елеулі және теріс әсер етеді.

5.02-бөлім. Жалпы ережелердің 7.01 (k) бөліміне сәйкес мынадай қосымша оқиға келісіледі, атап айтқанда, осы Келісімнің 5-бөлімнің (a)(b) және (c) тармағында көрсетілген оқиға орын алады.

VI бап

Қолданылуын тоқтату

6.01-бөлім. Осымен Жалпы ережелердің 12.04-бөлімінің мақсаттары үшін осы келісімге қол қойылған күннен бастап тоқсан (90) күн мерзім белгіленеді.

VII бап

Қарыз алушының өкілдері; мекен-жайлар

7.01-бөлім. Қарыз алушының Қаржы министрі Жалпы ережелердің 11.03-бөлімінің мақсаттары үшін Қарыз алушының өкілі ретінде анықталады.

7.02-бөлім. Жалпы ережелердің 11.01-бөлімінің мақсаттары үшін мынадай мекен-жайлар анықталады:

Қарыз алушы үшін: Қаржы министрлігі 473000 Қазақстан Республикасы, Астана, Жеңіс даңғылы, 33, Телекс: 264126 (FILIN), факс: (3172) 71 71 66

Банк үшін: International Bank for Reconstruction and Development 1818 H street, NW. Washington, D.C. 20433 United States of America

Телеграф:	Телекс:	факс
INBAFRAD	248423 (MCI)	(202) 477-6391
	Washington.D.C	64145 (MCI)

Осыны куәландыра отырып, Тараптар өздерінің уәкілетті өкілдері тиісті түрде әрекет етіп, жоғарыда көрсетілген күні және жылы Америка Құрама Штаттарының Колумбия округінде осы Келісімге қол қойды.

Қазақстан Республикасы үшін
Уәкілетті орган
Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі үшін
Уәкілетті өкіл

1-Қосымша

Қарыз қаражатын шоттан алу

1. Төмендегі кестеде Қарыз қаражатынан қаржыландыруға жататын шығыстардың санаты, әрбір Санат бойынша Қарыздың бөлінген сомасы және әрбір Санат бойынша Қарыз қаражатынан қаржыландыруға жататын шығыстардың проценті үлесі анықталады:

Санаты	Қарыздың бөлінген сомасы (долларлық баламада)	Қаржыландыруға жататын шығыстардың үлесі (%-пен)
(1) Жұмыстар		70%

	(а)	Ж о б а н ы ң	В	1 0	4 2 0	0 0 0
			б ө л і м і		ү ш і н	
	(б)	б а с қ а л а р			2 5 6 3 4	0 0 0
				ү	ш	і
				ш	і	н
(2) Тауарлар		794 000			Шығыстардың 100%-і	
					шетел валютасымен, 100%-	
					і жергілікті валютамен	
					(экс-үстеме шығыстар)	
					және жергілікті жерде	
					сатып алынған басқа	
					тауарларға шығыстардың	
					84% - і жергілікті	
					валютамен.	
(3) бір жолғы		403 900			Сомасы осы Келісімнің	
комиссиялық					2.04-бөліміне сәйкес	
сыйақы					анықталады	
(4) Бөлінбеген				3	1 3 8	1 0 0
сома			Ж и ы н ы	<u>4 0</u>	<u>3 9 0</u>	0 0 0

2. Осы Қосымшаның мақсаттары үшін:

(а) "шетел валютасындағы шығыстар" термині Қарыз алушының елінен басқа кез келген елдің аумағынан әкелінетін тауарларға немесе қызметтерге Қарыз алушының елін қоспағанда, кез келген елдің валютасындағы шығыстарды білдіреді;

(б) "жергілікті валютадағы шығыстар" термині Қарыз алушының валютасындағы немесе Қарыз алушының аумағынан әкелінетін тауарларға немесе қызметтерге жұмсалатын шығыстарды білдіреді;

3. Жоғарыдағы 1-тармақтың ережелеріне қарамастан, қаражат:

(а) осы Келісімге қол қою күніне дейін жасалған шығыстар бойынша төлемдер е с е б і н е н ;

(б) ХСК құрылғанға және олар ұсынып отырған Ынтымақ су қоймасындағы шөгінділерді тазалау және зиянсыздандыру жөніндегі бағдарлама бекітілгенге дейін Жобаның В бөлігі бойынша (1)(а) Санатына сәйкес төлемдер есебінен алынбайды.

4. Банк Қарыз шотынан қаражат әрбір келісім-шарт үшін (а) долларлық баламасы 250 000 сомасына дейін келісім-шарт бойынша тауарларға, (б) әрбір келісім-шарт үшін долларлық баламасы 500 000 сомасына дейін келісім-шарттар бойынша жұмыстарға шығыстарды төлеуге арналған шығыстар туралы есептердің негізінде, осындай жағдайларға сәйкес Банк олар туралы Қарыз алушыға нақты хабарлай отырып алынуын сұрата алады.

2-Қосымша

Жобаны сипаттау

Жобаның мақсаты: (а) Нұраға жапсарлас жатқан аумақты сынаптан ластануды тазалай отырып, Нұра өзенінің алабында тұратын халықтың әл-ауқатын жақсарту; (b) жергілікті су пайдаланушыларының өскелең мұқтажын қанағаттандыру үшін сумен жабдықтаудың сенімді, қауіпсіз және тиімді баламалы көзін қамтамасыз ету; (с) экологияны оңалту және су тасуларын реттеу мақсатында өзендегі су ағынын реттеуді қалпына келтіру болып табылады.

Мына мақсаттарға қол жеткізу үшін Қарыз алушы мен Банк олар туралы мезгіл-мезгіл уағдаласу арқылы мүмкін болатын оған енгізілетін өзгерістер ескере отырып мынадай бөліктерден тұратын Жоба:

А Бөлігі: Нұра өзенінің алабын сынаптан тазарту

Теміртаудағы бұрынғы Карбид АҚ зауытының аумағында және айналасында, сондай-ақ Нұра өзені жағалауының бойына және жайылысына сынап жиналатын қатерлі аудандарындағы уланған участкелерді ойып алу.

(а) Қауіпсіз, модульдық көму орнын салу және оны пайдалану, ол үшін ұзақ мерзімді мониторинг және ұстау бағдарламасын ұйымдастыру.

(b) Теміртаудағы уланған топырақты ойып алу және құрылыс қоқыстарынан арылу және оларды көму орнына апарып тастау.

(с) Жауыр батпағынан уланған материалдарды көму орнына апарып тастау.

(d) Нұра өзенінің түбінен, жағалауынан және су тасқыны болған участкелерінен уланған топырақты бөліп алу және арылту.

(e) ҚарГРЭС тұндырғышынан уланған материалдарды көму орнына алып кету.

В Бөлігі: Ынтымақ су қоймасын қалпына келтіру

Ынтымақ су қоймасындағы дамбаны қалпына келтіру, реттелетін қақпалар мен суағарды орнатуды аяқтау.

С Бөлігі: Нұра - Сарысу өзендері алыбы әкімшілігі үшін мүмкіндік жасау

Мониторинг шеңберінде судың ластануын бақылау жүйесін және реттеу негіздерін СРК жанындағы Нұра-Сарысу өзендері алабы әкімшілігінің институционалдық мүмкіндіктерін жасау.

Д Бөлігі: Жобаны басқару

Техникалық көмекті, оның ішінде аудиторлық қызметтерді, жобаны басқару үшін Ж Б Т - ны қ а м т а м а с ы з е т у .

Жоба 2009 жылғы 31 наурызда аяқталады деп ұйғарылып отыр.

3-қосымша

Қарызды өтеу кестесі

Өтеу күні	Негізгі борышты төлеу		(
доллармен)*			
2008 жылғы 15 қазан			1 835 000
2009 жылғы 15 сәуір			1 855 000
2009 жылғы 15 қазан			1 875 000
2010 жылғы 15 сәуір			1 890 000
2010 жылғы 15 қазан			1 910 000
2011 жылғы 15 сәуір			1 930 000
2011 жылғы 15 қазан			1 950 000
2012 жылғы 15 сәуір			1 965 000
2012 жылғы 15 қазан			1 985 000
2013 жылғы 15 сәуір			2 005 000
2013 жылғы 15 қазан			2 025 000
2014 жылғы 15 сәуір			2 045 000
2014 жылғы 15 қазан			2 065 000
2015 жылғы 15 сәуір			2 085 000
2015 жылғы 15 қазан			2 105 000
2016 жылғы 15 сәуір			2 130 000
2016 жылғы 15 қазан			2 150 000
2017 жылғы 15 сәуір			2 170 000
2017 жылғы 15 қазан			2 190 000
2018 жылғы 15 сәуір			2 225 000

* Осы бағандағы мағыналар {валютада енгізуге} көрсетілген және Жалпы шарттардың 4.04 (d) бөлімінде айтылған жағдайларды қоспағанда төленуге жатады

4-Қосымша

Сатып алулар

I Бөлім. Тауарлар мен жұмыстарды сатып алу

A Бөлігі: Жалпы ереже

Тауарлар мен жұмыстарды сатып алу Банк 1995 жылғы қаңтарда жарияланған және 1996 жылғы қаңтарда және тамызда, 1997 жылғы қыркүйекте және 1999 жылғы қаңтарда қайта қаралған "ҚҚДБ қарыздары және ХДА кредиттері бойынша сатып алулар. Нұсқауының" (Нұсқау) 1-бөлімінің ережелеріне сәйкес, сондай-ақ осы Қосымшаның 1-бөлімінің мына ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.

B Бөлігі: Халықаралық конкурстық саудаластықтар

1. Егер осы Қосымшаның C Бөлігінде өзгеше көзделмесе тауарлар мен жұмыстарды сатып алу "Нұсқаудың" II Бөлімінің ережелеріне және осы Келісімге 1-қосымшаның 5-

тармағының ережелеріне сәйкес жасалған келісім-шарттар бойынша жүзеге асырылады

2. Мына ережелер осы В бөлігінің 1-тармағының ережелеріне сәйкес берілетін келісім-шарттар бойынша тауарлар мен жұмыстарды сатып алу үшін қолданылады.

(a) Алдын ала іріктеу

Саудаластықтың қатысушылары әрбір келісім-шарт бойынша 10 000 000 долларға бара-бар және одан жоғары сомаға "Нұсқаудың" 2.9 және 2.10-тармақтарының ережелеріне сәйкес алдын ала іріктеу жүргізуі қажет.

(b) Отандық өндірістің тауарларына арналған жеңілдіктер

Қарыз алушының аумағында дайындалған тауарларға Нұсқаудың 2.54 және 2.55-тармақтарының ережелері және оған 2-қосымша қолданылады.

(c) Хабарлама және жарнама

Алдын ала іріктеуге немесе әрбір келісім-шарт бойынша 10 000 000 доллар бара бар сомаға саудаластыққа шақыру туралы "Нұсқаудың" 2.8-тармағына сәйкес ірі келісім-шарттарға қолданылатын рәсімдерге сәйкес жарияланатын болады.

С Бөлігі: Басқа да сатып алу рәсімдері

Халықаралық саудаластықтар

Әрбір келісім-шарт бойынша 100 000 долларға кем сомаға тауарлар "Нұсқаудың" 3.5 және 3.6-тармақтарының ережелеріне сәйкес халықаралық саудаластықтар рәсімдерінің негізінде берілетін келісім-шарттар бойынша сатып алынуы мүмкін.

D Бөлігі: Банктің сатып алулар бойынша шешімдерді қарауы

1. Сатып алуларды жоспарлау

Жоба бойынша ұсынылып отырған сатып алу жоспары саудаластықтарға қатысу үшін алдын ала іріктеуге шақырулар жібергенге дейін немесе Нұсқауға Қосымшаның 1-тармағының ережелеріне сәйкес конкурстық ұсыныстар берілуіне қарай Банктің қарауына және мақұлдауына ұсынылады. Барлық тауарлар мен жұмыстарды сатып алу Банк мақұлдаған сатып алу жоспарына сай және көрсетілген 1-тармақтың ережелеріне сәйкес жүргізіледі.

2. Алдын ала қарау

(a) Әрбір келісім-шартқа қатысты: (i) 500 000 АҚШ доллары сомасына және жоғары құрылыс жұмыстарына және бірінші келісім-шартқа; (ii) ол бойынша осы Қосымшаның В Бөлігі шеңберінде сатып алулар жүргізілген 250 000 АҚШ доллары сомасына және жоғары тауарларға және бірінші келісім-шартқа Нұсқауға 1-қосымшаның 2 және 3-тармақтарында көрсетілген рәсімдер қолданылады.

(b) Осы Қосымшаның С Бөлігі шеңберінде алғашқы екі келісім-шартқа қатысты мынадай рәсімдер қолданылады:

(i) сатып алу рәсімдеріне сәйкес берушіні іріктегенге дейін Қарыз алушы Банкке алынған ұсыныстарды салыстыру және бағалы есебін ұсынады;

(ii) сатып алу рәсімдеріне сәйкес жасалған кез келген келісім-шартты атқарғанға

дейін Қарыз алушы Банкке техникалық сипаттамалар мен келісім-шарт жобасының көшірмесін ұсынады; және

(iii) "Нұсқауға" 1-қосымшаның 2 (f), 2 (g) тармақтарында көрсетілген рәсімдер қолданылады.

3. Кейіннен қарау

Жасасу осы Бөліктің 2-тармағына сәйкес жүргізілмеген әрбір келісім-шартқа қатысты Нұсқауға 1-қосымшаның 4-тармағында айтылған рәсімдер қолданылады.

II Бөлім. Консультанттарды жалдау

A Бөлігі: Жалпы ереже

Консультациялық қызметтерді сатып алу "Дүниежүзілік банк Қарыз алушыларының консультанттарды іріктеуі және жалға алуы" Нұсқауының I және IV Бөлімдерінің ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады, оны Банк 1997 жылы қаңтарда жариялаған және 1997 жылғы қыркүйекте, 1999 жылғы қаңтарда және 2002 жылғы мамырда, оған 1-қосымшаның, оған 2-қосымшаның 1-тармағымен және осы Қосымшаның II Бөлімнің мына ережелерімен қайта қаралған.

B бөлігі. Сапасы және құны негізінде іріктеу

1. Егер осы Бөлімнің C бөлігінде өзгеше көзделмесе, консультациялық қызметтерді сатып алу Консультанттар туралы Нұсқаудың II Бөлімнің ережелеріне және сапасы мен құны ескеріле отырып, бағалау негізінде консультанттарды іріктеуді қоса алғанда қолданылатын 3.13-тен 3.18-тармақтардың ережелеріне сәйкес берілген келісім-шарттардың шеңберінде жүзеге асырылады.

2. Алдағы тармақтың ережелеріне сәйкес берілген келісім-шарттар бойынша консультациялық қызметтерді сатып алуға келесі ережелері қолданылады. Бір келісім-шарт үшін сметалық құны 100 000 долларына (АҚШ) баламалы консультациялық қызметтерді қамтамасыз ету үшін консультанттардың қысқаша тізбесі Консультанттар туралы нұсқаудың 2.7-тармағына және 8-сілтемесіне сәйкес толығымен ұлттық консультанттардан тұруы мүмкін.

C бөлігі. Консультанттарды іріктеудің басқа тәртібі

1. Ең аз құны негізінде іріктеу

Бір келісім-шарт үшін сметалық құны 200 000 долларына (АҚШ) бара бар техникалық және қаржы аудитін жүргізуге арналған қызметтерді сатып алу Консультанттар туралы нұсқаудың 3.1 және 3.6-тармағының ережелеріне сәйкес берілген келісім-шарттар бойынша жүзеге асырыла алады.

2. Жеке консультанттар

Консультанттар туралы нұсқаудың 5.1-тармағында санамаланған талаптарға жауап беретін консультанттардың қызметтері Консультанттар туралы нұсқауға қосымша 5.1-ден бастап 5.3-ке дейінгі тармақтардың ережелеріне сәйкес және консультанттарға берілген келісім-шарттар бойынша беріледі.

D бөлігі: Банктің консультанттарды іріктеуді қарауы

1. Іріктеуді жоспарлау

Консультанттарға ұсыныстар дайындауға сұратулар жібергенге дейін Банктің қарауына және мақұлдауына жобаның шығынын бағалауды, келісім-шарт бойынша пакетті, қолданылатын өлшемдерді және іріктеу рәсімдерін қамтитын Жоба үшін консультанттарды іріктеу жоспары беріледі. Консультанттардың барлық қызметтерін іріктеу Банк мақұлдаған іріктеу жоспарына сәйкес (әлсін-әлсін жанартылып отыратын) жүргізілуі тиіс.

2. Алдын ала қарау

(а) Консультациялық фирмалардың сметалық құны 100, 000 АҚШ долларына баламалы және жоғары соманы құрайтын әрбір жалдау туралы келісім-шартқа қатысты Консультанттар туралы нұсқаудың 2, 3 және 5-тармақтарында айтылған тәртіп қолданылады.

(б) Жеке консультанттардың сметалық құны 500 000 АҚШ долларына баламалы және жоғары соманы құрайтын әрбір жалдау туралы келісім-шартқа қатысты Банкке алдын ала қарауына және мақұлдауына консультанттардың біліктілігін, тәжірибесін, техникалық тапсырмасы мен жалдау шарттарын сипаттау беріледі. Келісім-шарт көрсетілген мақұлдау алынғаннан кейін ғана беріледі. Осындай келісім-шарттарға Консультанттар туралы нұсқауға 1-қосымшаның 3-тармағының ережелері қолданылады.

(с) Консультациялық фирмалардың немесе жеке консультанттардың әрбір жалдау туралы келісім-шартына қатысты, келісім-шарттың құнына қарамастан, Банкке алдын ала қарауына және мақұлдауына техникалық тапсырма беріледі. Келісім-шарт тек көрсетілген мақұлдау алынғаннан кейін ғана беріледі.

3. Кейіннен қарастыру

Жасалуы осы Бөліктің 2-тармағымен реттелмеген әрбір келісім-шартқа қатысты Консультанттар туралы нұсқауға 1-қосымшаның 4-тармағында айтылған тәртіп қолданылады.

5-Қосымша

Іске асыру бағдарламасы

І . Қ а р ы з а л у ш ы :

(а) өзіне тұрақты негізде Жобаның орындалуын тұрақты негізде бақылап отыруға және бағалауға және Банк үшін қолайлы көрсеткіштерге сәйкес оның мақсаттарына қол жеткізуге мүмкіндік беретін тиісті саясат пен тәртіпті қамтамасыз етеді;

(б) Техникалық тапсырмаға сәйкес Банк үшін қанағаттандырылғы есепті дайындайды және Банкке шамамен 2006 жылдың 30 маусымында береді, онда көрсетілген есеп күнінің алдындағы кезең үшін жобаның мониторингі және жобаны іске асыру барысын бағалау жөніндегі осы Бөлімнің (а) тармақшасына сәйкес

орындалған қызметтің нәтижелері қорытындыланады және Жобаның тиімді орындалуы мен осындай күннен кейінгі кезеңде оның мақсаттарына қол жеткізуді қамтамасыз ету жөніндегі ұсынылатын шаралар санамаланады; және

(с) Банкпен бірлесіп осы тармақтың (b) тармақшасында көрсетілген есепті 2006 жылғы 30 қыркүйекке немесе Банктің сұратуы бойынша неғұрлым кештеу күнге дейін қарайды және содан кейін Жобаның тиімді аяқталуын және көрсетілген есептің қорытындылары мен ұсынымдарының және ол бойынша Банктің пікірі негізінде оның мақсаттарына қол жеткізілуін қамтамасыз ету жөніндегі барлық қажетті шараларды қ а б ы л д а й д ы .

2. Қарыз алушы ҚОБЖ уақытында орындау үшін қажетті шаралардың қабылдануын қамтамасыз етеді.

6-Қосымша

Арнайы шот

I. Осы Қосымшаның мақсаттары үшін

(a) "заңды санаттар" термині осы Келісімге 1-қосымшаның 1-тармағының Кестесінде көрсетілген (1) және (2) санаттарды білдіреді;

(b) "заңды шығыстар" термині осы Келісімге 1-қосымшаның шарттарына сәйкес заңды Санаттарға мерзімді бөлініп отыратын Қарыз қаражатынан қаржыландыру үшін көзделген Жобаны жүзеге асыру үшін қажетті тауарлар мен қызметтерді ақылға сыйымды құны бойынша сатып алуға арналған шығыстарды білдіреді;

(с) "Бекітілген қаржы бөлу" термині, егер Банк, Жалпы шарттардың 5.02-бөліміне сәйкес Банк қабылдаған барлық өтелмеген арнайы міндеттемелердің жиынтық сомасы долларлық баламы 5 000 000 тең болғанша немесе одан аспайынша Бекітілген қаржы бөлу 250 АҚШ доллары сомасымен шектелетін болған жағдайдан өзгеге келіспесе, осы Қосымшаның 3 (a) тармағына сәйкес Қарыз шотынан алынатын және Арнайы шотқа есептелетін 500 000 АҚШ доллары сомасын білдіреді.

2. Арнайы шоттан қаражатты төлеу осы Қосымшаның ережелеріне сәйкес заңды шығыстар үшін ғана жүргізіледі.

3. Банкке ол үшін қолайлы Арнайы шот белгіленген тәртіппен ашылғандығын айғақтайтын мәліметтер берілгеннен кейін Бекітілген қаржы бөлуді алу және Арнайы шотты толықтыру мақсатында қаражатты кейіннен алу мынадай тәртіппен жүргізіледі:

(a) Бекітілген қаржы бөлудің қаражатын алу үшін Қарыз алушы Банкке Бекітілген қаржы бөлудің жиынтық сомасынан аспайтын сомаға немесе сомаларға Арнайы шоттың депозитіне сұратуды немесе сұратуларды береді. Осындай сұратудың немесе сұратулардың негізінде Банк Қарыз алушының атынан Қарыз шотынан қаражат алуды жүргізеді және оларды Қарыз алушы сұратқан сомада немесе сомаларда Арнайы шоттың депозитіне аударады.

(b)(i) Арнайы шотты толықтыру үшін Қарыз алушы Банк анықтайтын кезеңділікпен Арнайы шотқа қаражат аудару үшін Банкке сұратуларды ұсынады.

(ii) Қарыз алушы әрбір осындай сұратуды алғанға дейін немесе алғаннан кейін төлем немесе төлемдерді жүзеге асыру үшін осыған/осыларға сәйкес Арнайы шотта қаражатты толықтыру сұратылатын осы Қосымшаның 4-тармағымен көзделген құжаттаманы және өзге де куәліктерді Банкке ұсынады. Әрбір осындай сұратудың негізінде Банк Қарыз алушының атынан Қарыз шотынан қаражат аруды және Арнайы шотқа Қарыз алушы сұратқан мөлшерде оларды аударуды жүргізеді, олардың негізділігі заңды шығыстарын төлеу үшін Арнайы шоттан осы соманы алу туралы айғақтайтын аталған қаржылық және басқа да құжаттармен расталады. Банктің Қарыз алу шотынан көрсетілген депозиттерді алуы заңды санатының шеңберінде және тиісті балама сомалармен жүргізіледі, ол ұсынылған қаржылық және басқа да құжаттармен р а с т а л а д ы .

4. Банктің көрсетілген сұрату кезеңінің ішінде Қарыз алушы Арнайы шоттан қарыз алушы жүргізген әрбір төлем бойынша Банкке мұндай төлеу тек қана заңды шығыстары үшін жүзеге асырылғаны жөнінде құжаттаманы және басқа куәліктерді ұ с ы н а д ы .

5. Осы Қосымшаның 3-тармағының ережелеріне қарамастан, Банк Арнайы шотқа одан арғы депозиттерге қатысты:

(а) егер Банк қандай да бір сәтте қаражатты барлық одан әрі алуларды Жалпы ережелердің V бабында және осы Келісімнің 2.02-бөлімінің (а) тармағында көзделгеніндей тікелей Қарыз алу шотынан Қарыз алушының жүзеге асырады деп б е л г і л е с е ;

(б) егер Банкке Қарыз алушы осы Қосымшаның 4.01 (б)(ii) бөлімінде аталған кезеңнің ішінде Арнайы шот бойынша шоттар мен есептілік аудитіне қатысты көрсетілген Бөлімге сәйкес Банкке ұсынылуы тиіс аудит туралы қандай да бір есептерді ұ с ы н б а с а ;

(с) егер қандай да бір сәтте Жалпы ережелердің 6.02-бөлімінің қосымшаларына сәйкес Банк өзінің Қарыз алу шотынан Қарыз алушының қаражат алу құқығын ішінара немесе толығымен тоқтату ниеті туралы Қарыз алушыны хабардар етсе;

(д) Жоба үшін Жалпы ережелердің 5.02-бөлімінің қосымшаларына сәйкес Банк ұсынған барлық өтелмеген арнайы міндеттемелердің жалпы сомасын шегеріп заңды санаттарын қаржыландыруға арналған Қарыз қаражатының жалпы алынбаған сомасы Бекітілген қаражат бөлу сомасынан екі есе арттырып түссе сұрату қабылданбайды.

Заңды санаттарын қаржыландыруға арналған Қарыздың алынбаған сомаларының қалдығын Қарыз шотынан осы алғаннан кейін Қарыз алушыға арнайы хабар беруде Банкпен келісілген тәртіпке сәйкес жүзеге асырылады. Мұндай қаражатты одан әрі алу аталған хабарлама күніне Арнайы шоттың депозитінде қалған барлық сомаларды заңды шығыстары бойынша төлемдерді жүзеге асыру үшін пайдаланылатынын Банк

куәландырғаннан кейін Банк үшін қолайлы көлемде жүргізілетін болады.

6. (а) Егер Банк қандай да бір сәтте Арнайы шоттан (і) алынатын кез келген төлемдер шығыстарды жабу үшін немесе осы Қосымшаның 2-тармағының талаптарына сәйкес келмейтін сомада жасалатынын, немесе Банкке ұсынылған құжаттамамен негізделмейтінін (іі) анықтаса, Қарыз алушы Банктің (А) хабарламасын алысымен Банк сұрататын осындай қосымша растауды тез ұсынады; немесе (В) Арнайы шотқа осындай төлемнің сомасына тең немесе жеткілікті расталған болып табылмайтын оның бөлігіндегі немесе заңды төлемдерінің санатына енбейтін соманы (немесе Банктің сұрау салуы бойынша Банкке төлейді) енгізеді. Егер Банк өзгеге келіспесе, әрбір нақты жағдайда осындай растауды Қарыз алушы ұсынбайынша немесе аталған жарнаны Арнайы шотқа өткізбейінше немесе қаражатты өтемейінше, Банк Арнайы шотқа ешқандай қаражатты енгізбейді.

(б) Егер Банк қандай да бір сәтте Арнайы шоттағы кез келген өтелмеген сома заңды шығыстары бойынша одан әрі төлемдерді өтеу үшін талап етілмейтінін анықтаса, Қарыз алушы Банктің хабарламасын алғаннан кейін ілешала осындай өтелмеген соманы Банкке төлейді.

(с) Қарыз алушы Банктің хабарламасын алысымен Арнайы шоттағы депозитте бар қаражатты толығымен немесе ішінара төлей алады.

Осы Қосымшаның 6(а), (б) және (с) тармағына сәйкес Банкке төленетін қаражат Жалпы ережелерді қоса алғанда осы Келісімнің ережелеріне сәйкес кейіннен алу немесе күшін жою үшін Қарыз алу шотына есептеледі.